

**«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Заурбекова Ляззат Жанатқызының
«Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПКІРІ

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертацияның зерттеу нысанына алынған көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспекті – тілтаным мен әдебиеттануды сабактастыруды қажет ететін пәнаралық және прагматика мәселелерін шешуде функционалды лингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология, мәтінтану салаларындағы теорияларды негізге алуға бағытталған кешенді зерттеу. Осы түрғыдан келгенде, диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық түрғыдан дәлелді. Жұмыстың орындалу сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген қорытындылары шынайы және тиянакты тұжырымдалған. Диссиденттантар тарарапынан ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығы зерттеу материалдары мен зерттеу қорытындыларын практикалық жағынан жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде студенттерге таңдауга

			ұсынылатын «Прагмалистика», «Мәтін және дискурс», «Көркем мәтіннің прагматикасы», «Мәтін прагматикасы» курстарында колдануға болатындығымен дәйектелген. Ал функционалды прагматиканы прагмалингвистиканың бір бағыты ретінде қарастыруды негіздейтін тұжырымдары, яғни функционалды прагматиканың өзіне тән зерттеу нысаны, мақсаты мен категорияларының көрсетілуі, теориялық тұрғыдан маңызды болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация тақырыбы қазақ тілтанымы үшін көркем мәтін тіліне қатысты зерттеулерді жаңа қырынан, функционалды және прагматикалық жағынан толықтырады. Прозадағы тіл бірліктерінің функционалды әлеуеті адресант пен адресаттың прагматикасымен байланыстыра қарастырылады. Бұл, көркем проза тілінің функционалды прагматикалық аспектісі, мәтінге дискурстық тұрғыдан келуді қажет ететінін ескерсек, диссертация жұмысының қазақ тілтанымы үшін жаңаша сипаты танылады. Көркем проза тіліне қатысты бұрын-соңды жазылған еңбектерді сарапалап, сол арқылы өз жұмысының ерекшелігін негіздеу, оны осы бағыттағы зерттеу немесе бағыт беретін шетелдік, отандық ғалымдардың тұжырымдарымен дәйектеу барысында жасаған талдаулары диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейінің жоғары екендігін айғақтайда.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Зерттеу жұмысының мақсаты – көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық қырларын анықтау. Зерттеу нысаны – көркем мәтін тілі. Көркем мәтін тілінің таңдалу себебі оның (көркем мәтіннің) эстетикалық қызметі, сөз саптау мәдениеті мен тіл байлығын арттыру, заманның ақиқат болмысын жеткізу, ұлттық коды сактау, адами құндылықтарды насихаттау мен қалыптастыру факторымен байланыстырылған. Ал оның функционалды прагматикалық аспектісінің зерттеуге өзек болуы антропоцентристік бағыт, ондағы адам факторымен байланысты негізделеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын ашады. 1) айқындейды; 2) жартылай айқындейды; 3) айқындаамайды	Диссертация мазмұны диссертацияның тақырыбын ашады. Құрылымы жағынан зерттеу жұмысы терминдерге берілген анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім және қорытындыдан тұрады. Одан кейін пайдаланылған ғылыми және көркем әдебиеттер тізімі берілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты – көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспектілерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін ізденуші нақты 7 міндет қояды. Оларды диссертацияның құрылымын түзетін үш

	<p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ <p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 	<p>бөлімнің мазмұнына сәйкес жинақтап, былайша көрсетуге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) функционалды прагматикаға саласының ғылыми негіздемесін көрсету, ол үшін функционалды прагматикаға қатысты теорияларды талдап, синтездеу арқылы аталған бағыттың зерттеу әдістерін, әдіснамалық негізін сарапау – бірінші бөлімде алға қойылған міндеттер; 2) функционалды прагматика мәселелерін шешуге қажет жалпы прагматика теориясының интерпретациясымен байланысты «тіл мен қолданушы» арасындағы қатынас және «ойлау мен сөйлеу» әрекеттерінің философиялық, лингвистикалық, психологиялық мәнін прагматикалық тұрғыдан ашу – екінші бөлімнің міндеттері; 3) көркем мәтіннің прагматикалық функцияларын анықтау үшін вербальді және бейвербальді амалдардың функционалды сипатын көрсету және стилистикалық амал-тәсілдерді айқындау, интенция, прессупозицияның мәндік сипатына талдау жасау – ушінші бөлімде іске асырылған міндеттер. <p>Диссидентант тақырыптың барлық бөлімдері мен бөлім ішіндегі тармақшалар бір-бірімен мазмұндық әрі логикалық жағынан сабактастыққа құрылған. 13-37 беттердің аралығын қамтитын 1-бөлім функционалды прагматика теориясына, атап айтқанда оның зерттелу тарихы, прагматика теориясының негізі және функция ұғымының мәні, функционалды прагматикадағы лингвистикалық талдау әдістемесіне арналған. Мұнда диссидентант тақырыптың негізгі тірек сөздері болып табылатын функция, прагматика ұғымдарының мәнін ашуды бірінші кезекке шығарып, содан кейін функционалды прагматика бағытының лингвистикадағы зерттелу тарихына токталады. Бірінші бөлімнің соңғы тармақшасы функционалды прагматиканың лингвистикалық талдау әдістемесіне арналған.</p> <p>2-бөлімде прагматика теориясының интерпретациясы прагматика негіздері, автор интенциясы тұрғысынан талданып, автор прагматикасының берілу жолдары қарастырылса, 3-бөлім көркем мәтіннің прагматикалық функцияларына арналған. Бұл бөлім бір-бірін мазмұндық жағынан толықтыратын өзара сабактастыққа құрылған көркем мәтін прагматикасы, прагмалистикалық ұғымдар, мәтіндегі стереотиптер прагматикасы, автор бейнесі категориясы, оқырман/ мәтін қабылдауышының прагматикасы бойынша сарапанған тармақшалардан тұрады. Әрбір тармақшадағы ой корытындылары өзара үндеседі.</p> <p>Диссидентант ұсынған шешімдер бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сынни талдаулар жасалған. Функционалды прагматика алғаш рет неміс зерттеушілерінің назарына ілігіп, солардың еңбектерінде теориялық негізі қаланды. Диссидентант осы неміс зерттеушілері А.Реддер, К.Бюрг, Хоффман еңбектеріне, отандық галымдардан прагматика саласына</p>
--	---	---

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>қатысты зерттеу жасағандар: сөйлеу тілінің прагматикасы бойынша З.Ерназарова, медиамәтін прагматикасына қатысты Қ.Есенова, прагмалистикаға қатысты А.Байтұрсынұлының, көркем мәтінді талдау теориясына қатысты Б.Шалабай, Г.Әзімжановының, функционалды бағыттағы Ж.Жакуповтың, стилистикалық амал-тәсілдерге қатысты Х.Махмудовтың, дискурс теориясына қатысты Н.Уәли, К.Садирова енбектеріндегі тұжырымдарды талдап, қажет тұстарында салыстырады, өзіндік пайымдаулар жасайды. Бұл диссертация жұмысының барлық бөлімдерінде бар, әсіресе, 3-бөлімде, көркем мәтін прагматикасын талдауда айқын көрініс тапқан. Мәселен, диссертацияның бірінші бөлімінен мысал келтірер болсақ, 33-34 беттерінде мәтін теориясына қатысты И.Р.Гальперин, Л.М.Лосева, Ф.Оразбаева, А.Салқынбай тұжырымдарды талдай отырып, мәтіннің көп аспектілі ең жоғары коммуникативтік бірлік болып табылатындығын негізге алады да, диссидентант өзіндік критерийлер негізінде мәтін типологиясын ұсынады.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>1. Қазак тілтанымында көркем мәтінді талдау барысында алғаш рет мақсатты түрде функционалды прагматика термині қолданылады. Көркем мәтін тілі бұған дейін де ішінара прагматикалық аспектіден қарастырылды, алайда мақсатты түрде функционалды прагматика тұрғысынан терен зерттеген жұмыс қазак тілтанымында осы енбекпен байланысты екендігін ескерсек, бұл нәтижені жаңа деп қабылдауға болады;</p> <p>2. Прагматиканың негізгі мәселесін ойлау, ішкі сөз сөйлеу актілері, ішкі сөйлеу әрекетінің функционалды аспектілері арқылы қарастыру көркем мәтінді зерттеудің жаңа мәні екендігін топшылаған. Бұл тұжырым толықтай жаңа болып табылады. Ізденуші өзіне дейінгі зерттеулерде көркем мәтіннің дискурстық талдауга түсे бермегенін ескере отырып, диссертацияда мәтін тілін зерттеуге дискурс теориясы тұрғысынан келеді. Бұл орайда сөйлеу актісі, оның ішінде ішкі сөйлеу актілерін талдаудың негізгі өзегі етіп алады, сол арқылы көркем мәтін тілін зерттеудің жаңа қырын негіздейді.</p> <p>3. Прагматикада қарастыратын автор интенциясы, прессупозиция, ақиқат/жалған позициясы сөйлеу актілерінің теориялық мәселелерін жүйелеген. Бұл тұжырым жартылай жаңа болып табылады. Өйткені прагматикада интенция, прессупозиция ұғым-түсінігі айтылып жүргені белгілі. Бірақ ізденуші бұл мәселеге көркем мәтінді талдау тұрғысынан</p>

		<p>келуі жағынан және ақырат/жалған позициясы сейлеу актілерін талдау арқылы мәтінтанудағы теориялық тұжырымдарды дамытып, толықтырады.</p> <p>4. Прагматиканың ішкі ойлау процесі көркем мәтін түзудегі маңызды фактор екендігі айқындалған. Бұл тұжырым толықтай жаңа болып табылады.</p> <p>5. Көркем мәтіннің прагматикалық құші және мәтіннің танымдық, эстетикалық, коммуникативтік қызыметтері көркем мәтінді түзуде автордың әмбидекстерді, стереотиптер мен прагматистикалық категорияларды колдану арқылы іске асырылатындығы анықталған. Бұл тұжырым жартылай жаңа болып табылады. Өйткені көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті қазақ тіл танымында Д.Исабеков шығармаларының негізінде арнағы зерттелген. Ізденуші Л.Заурбекованаң ғылыми зерттеуі көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуетіне қатысты теорияны толықтырады. Ал диссертант тарарапынан көркем мәтіннің функционалды-прагматикалық ерекшеліктері танытудағы әмбидекстер мен стереотиптердің рөлін көрсетуі жаңа нәтиже болып табылады.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық еңбектің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Көркем мәтін тілінің функционалды-прагматикалық аспектілері тілдік материалды құрылымдық-семантикалық, функционалды-семантикалық, коммуникативтік-семантикалық, коммуникативтік-прагматикалық, дискурстық тұрғыдан қарастығандаған толық ашылады. Бұл зерттеу жұмысының күрделі ері кешенді зерттеу болып табылатындығын айғақтайды. Сәйкесінше, осындай кешенді зерттеу нәтижесінде алынған зерттеу қорытындылары да жаңаша сипатта көрініс табады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми жұмыс зерттеу нәтижелеріне негізделген және барлық шешімдері жаңа.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарасты ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық	Ізденуші Л.Ж. Заурбекованаң барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарасты ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Накты айтканда, көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспектілерін анықтауды мақсат еткен диссертация зерттеу нысанына материал болатын көркем тұындылардан, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан, Х.Есенжановтың «Ақ жайық» трилогиясынан, сондай-ақ О.Бекей,

		бағыттары бойынша)	C.Шаймерденов, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Т.Нұрмамбетовтың туындыларынан алынған. Ал зерттеу жұмысының лингвистикалық негізін А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Шалабай, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Д.Әлкебаева, Г.Әзімжанова, Қ.Есенова, шетелдік ғалымдардан Г.Б.Колшанский, Е.Протасов, О.Д.Тарасова еңбектеріндегі теориялық пайымдаулар құрайды.
7.	Көрғаға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 	<p>Зерттеу барысында кол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант Ляззат Жанатқызы сегіз қағидат ұсынады.</p> <p>Ұсынылған қағидаттарға тоқталсақ:</p> <p>1- қағидат: Қазіргі қазақ тіл біліміндегі функционалды прагматиканың ғылыми концепциялары мен терминологиялық аппаратының ғылыми сипатын айқындалды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2);</p> <p>7.3 Жана (1);</p> <p>7.4 Қолданылу деңгейі кең (3);</p> <p>7.5 Ия, макалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Функционалды грамматика теориялары // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №1 (177). –Алматы, 2020. - Б. 86-92.</p> <p>2- қағидат: Прагматика термині белгілі бір тілдік бірліктердің ықпал ету қызметі, жұмсалым мәнімен қоса, ішкі ой, ішкі сөз мәселелерімен тығыз байланысты қарастырылады. Функционалды прагматика автордың ішкі сөз актілерінің түрлі деңгейлері сана, ойлау процестерімен байланысты мәніне сипаттама беріледі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p> <p>7.2 Жоқ (2);</p> <p>7.3 Жана (1);</p> <p>7.4 Қолданылу деңгейі кең (3);</p> <p>7.5 Ия, макалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (70). –Алматы, 2018. - Б. 89-95.</p> <p>3- қағидат: Көркем мәтінде автор идеясын, ақықат шындығын тануда кейіпкерлердің ішкі ойы, ішкі сөзі көркем мәтін құрастыруда, мәтін энергиясын жеткізу дегі рөлі зор, маңызды орынға ие.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p> <p>7.2 Жоқ (2);</p> <p>7.3 Жана (1);</p>

		<p>7.4 Қолданылу денгейі кең (3);</p> <p>7.5 Ия, дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Көркем мәтінді зерттеудің өзектілігі // Б.Сағындықұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Тарих және таным: көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы: Қазақ университетті, 2019.</p> <p>4-қағидат: Көркем мәтіндегі экспрессивті тілдік бірліктер саналатын тенеулер, мақал-мәтеддер, фразалық тіркестер, авторлық ремаркалар, қайталаулар, контаркт (қарама-қайшылық), фонетикалық деңгейде тіл нормасынан ауытқу амалдары прагматикалық компоненттер катарынан орын алғатыны жүйеленеді. Демек, философияның күрделі ақиқат/жалған категориясы көркем мәтіндегі ақпараттардың имплицитті және эксплицитті мағыналары функционалды прагматиканың негізгі өзектерінің бірі екендігі сараланды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2);</p> <p>7.3 Жана (1);</p> <p>7.4 Қолданылу денгейі кең (3);</p> <p>7.5 Ия, мақалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Қазақ тіліндегі дәстүрлі стереотиптердің прагматикасы // «Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жас ғалымдар арасындағы ғылыми конференция материалдарының жинағы. –Алматы: Қазақ университетті, 2019.</p> <p>5-қағидат: Көркем мәтіндердегі кейіпкерлердің жалған сөйлеуі, бірін-бірі алдауы, жаңжалдасуын көрсететін диалогтар, монологтар мен концептуалды фреймдердің прагматикалық интенцияға байланысты екендігі анықталды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p> <p>7.2 Жоқ (2);</p> <p>7.3 Жана (1);</p> <p>7.4 Қолданылу денгейі кең (3);</p> <p>7.5 Ия, мақалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Прагматика тіл біліміндегі көп аспектілі бағыт // «Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жас ғалымдар арасындағы ғылыми конференция жинағы. –Алматы: Қазақ университетті, 2018. –Б. 214-215.</p> <p>6-қағидат: Интенция терминінің танымдық, философиялық мәнімен қатар автор интенциясын құрайтын кейіпкер интенциясы, интенционалды мақсат терминдері – прагматиканың функционалды өзегі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1);</p>
--	--	---

			<p>7.2 Жоқ (2); 7.3 Жаңа (1); 7.4 Қолданылу деңгейі кең (3); 7.5 Ия, мақалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелеу жайы // «Қазақ тілі тарихы және рухани жанғыру» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. –Б.140-144.</p> <p>7-қағидала: Көркем мәтіндегі авторлардың философиялық ойпайымдары оқырманға өзіндік пікір қалыптастыруға түрткі (дейксис) болатындығы прагматикалық перлокутивтік актінің жасалуына мүмкіндік тудырады. Декодтаушы прагматикасы тілдегі прессупозициялардың ерекшелігі оқырманның тезаурусына, аялық біліміне әсер ететіндігімен танылатындығы ғылыми мәнге ие.</p> <p>7.1 Қағидала дәлелденген (1); 7.2 Жоқ (2); 7.3 Жаңа (1); 7.4 Қолданылу деңгейі кең (3); 7.5 Ия, мақалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Pragmatic discourse of the comments on Facebook in the Kazakh language // Орцион. Ано 35, Regular No. 90-2. – 2019. – Р. 369-384. (ISSN 1012-1587// ISS №: 2477-9385).</p> <p>8-қағидала: Көркем мәтін прагматикасы стилистикалық категориялар, дәстүрлі стереотиптер прагматикасы функциясының қырлары деп тануға болады.</p> <p>7.1 Қағидала дәлелденген (1); 7.2 Жоқ (2); 7.3 Жаңа (1); 7.4 Қолданылу деңгейі кең (3); 7.5 Ия, мақалада дәлелденген (1).</p> <p><i>Мақала:</i> Stylistic category of accentuation in art texts // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (173). – Алматы, 2019. - Б. 13-19.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ	<p>Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты, жұмысты жазу барысында қолданылған әдіс-тәсіл мақсатқа сай таңдалған. Қолданылған әдіс-тәсілдер: жинақтау, сипаттау, мәтіндік және мәнмәтіндік талдау; сонымен катар зерттеу материалдары ретінде алынған, талдауға түсін көркем мәтіндерді сұрыптау әдісі, ғылыми теорияларды сынни тұрғыдан талдау, қорыту және өзара салыстыру әдістері де қолданылған.</p>

		<p>Көркем мәтіндердің прагматикалық қызметін айқындайтын және прагматикалық әлеуетін күштегі тіл бірліктерін талдау мақсатында 200-ге жуық мәтін үзіндісі жинақталып, талдауга түскен.</p> <p>Диссертация мәтінді функционалды прагматикалық аспектіден қарастырудың теориялық негіздерін қарастыратындықтан жұмыста тілдің интегралды теориясына қатысты әдіс-тәсілдер де ескерілген. Бұл орайда, функционалды прагматикалық ауыстыру әдістемесі, квалификация әдістемесі, типтеу әдістемесі туралы жан-жақты ақпарат беріліп, олардың әрқайсының өзіне тән ерекшеліктері көрсетіледі және қандай мақсатта қолданылатындығы таратылып беріледі. Бұл диссертацияның 35-37 беттерінде көрініс тапқан.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссиденттың өзіндік тұжырымдары нақты көркем мәтіндерді талдауларға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Мысалы, көркем мәтіндегі дәстүрлі стереотиптердің прагматикасы туралы айтқанда алдымен «стереотип» терминіне токталауды да, стереотиптерге тән бірнеше қызметті саралап көрсете отырып, казак тіліндегі дәстүрлі стереотиптерді жұмысалу қызметі мен мағыналық ерекшелігіне қарай жіктейді: салт-дәстүрге қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: <i>бұйымтайыңды айт, сыңып тұрды, кәдеге жарамады</i>; 2) діни наным-сенімге қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: <i>Құдайға шукір, Тәңірі берді</i>; 3) еркелету, жұбату, сырайылық таныту мағынасында қолданылатын стереотиптер: <i>қалқам, қарагым, шырагым, айналайын, өркениң өссін</i> және басқа да түрлөрі көрсетіледі (Диссер. 105 – беті). Осы жіктемелер негізінде көркем мәтін тіліндегі стереотиптердің прагматикасы анықталады (бул дисс. 106-107 беттерінде). Мұндай талдауларды тілдік деректермен негіздеу жұмыста жақсы көрініс тапқан.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді. Ғылыми әдебиеттер мен ғалымдардың тұжырымдары сілтемемен расталған. Пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі 132 бірліктен тұрады</p>

		<p>сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>және бұл әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық зерттеулері болып табылады. Атап айтқанда, зерттеу жұмысына тікелей қатысты теориялық еңбектер: функционалды прагматика бағытындағы О.В.Лещактың (2002), А. Реддердің (2008), Хоффманның (2012) зерттеулері, отандық ғалымдардан көркем мәтін лингвистикасына қатысты Г.Смағұланың (2002), М.Ахметованың (2008), көркем проза тілін зерттеудің теориялық негіздеріне арналған Б.Шалабайдың (1997), көркем мәтіннің коммуникативті-прагматикалық әлеуетіне қатысты Г.Әзімжанованың (2010), А.Аккузованың (2020) ғылыми жұмыстарындағы теориялық тұжырымдар докторанттың зерттеуіне негіз болған. Сонымен қатар, бұл ғылыми жарияланымдардың жарық көрген мерзімі де соңғы кездерді қамтиды. Бұл диссертацияда ғылымдағы соңғы уақыттардағы зерттеулердің де ескерілгендейгін көрсетеді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 8.4 тармақшада айтылған еңбектерге қоса, ізденуші прагматика және функционалды лингвистика, прагмалистика, дискурсқа қатысты зерттеу жұмыстарын да қажет тұста талдаған. Бұл орайда, отандық зерттеуші-ғалымдар Н.Ұәли, Ж.Манкеева, Д.Әлкебаева, Қ.Есенова, З.Ерназарова, Ж.Жакупов, К.Садирова, М.Ахметова және т.б. зерттеушілердің еңбектері талданған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жоқ</p>	<p>Ия, диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысының нәтижелері прагмалингвистика, прагмалистика, мәтін теориясы, дискурсолология, коммуникативтік лингвистика, институционалды коммуникация саласындағы теориялық тұжырымдарды толықтырады және дамытады. Сондай-ақ функционалды прагматика бағытындағы алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады. Диссиденттант өзара байланысты және бір-бірінен туындайтын прагматика, лингвопрагматика, функционалды прагматиканы саралайды, олардың әрқайсысына тән зерттеудің нысаны мен мақсаттарын және категорияларды көрсетеді (22-23 беттерде, 26-27 беттерде). Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық ұстанымдары алдағы осы бағыттағы тың жұмыстардың жазылуына жол ашады. Оған диссертацияның 34-бетіндегі пайымдаулар мен талдаулар дәлел бола алады. Мәселен, функционалды прагматика медицина саласында, заң саласында, іске көрініс-қарым-қатынас саласында, әкімшілік институттарда, саяси дискурста маман мен клиент арасындағы қарым-қатынастың сауатты өтуін қамтамасыз етуде үлкен маңызға ие болып келеді. Бұл, бір жағынан, бізге бұрыннан институционалды коммуникация теориясын сөйлеу актісіне қатысуышылардың прагматикасымен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, функционалды прагматика институционалды коммуникация теориясына негізделген зерттеулердің көлдененеңін де,</p>

			тігінен де теренірек қарастырылуын қамтамасыз ете алады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ		Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін білім беру саласында, көркем мәтінді дұрыс интерпретациялауда, аударма үдерісінде, компьютерлік бағдарламалар жасауда қолдануға болады. Білім беру саласында ЖОО-да филологтар, педагог-филологтар, аудармаши филологтар дайындауда осы аталған мамандық иелерінің кәсіби біліктілігін қалыптастыратын әрі дамытуға ықпал ететін «Мәтін және дискурс», «Прагматистика», «Прагматингвистика», «Көркем мәтін прагматикасы», «Функционалды лингвистика», «Көркем мәтін интерпретациясы» сынды курсарда қолдануға болады. Аударма саласында көркем мәтіннің функционалды прагматикалық аспектісін айқындастын адресант пен адресат факторы, олардың арасындағы дискурсты дұрыс интерпретациялау мәтінді екінші тілге дәл, түпнұсқадан ауытқымай аударуга негіз бола алады. Сонымен қатар, функционалды прагматикадағы эмпирикалық зерттеу әдісінің нәтижелері келешекте жасанды интеллект қалыптастыруда компьютерлік бағдарлама саласы үшін де маңызды болып табылады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігінде, диссертант тарапынан қорғауға ұсынған қагидаттарында көрініс тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қоютын талапқа сай келеді.

Докторант Заурбекова Ляззат Жанатқызы «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Сулейман Демирель университеті
«Тілдік білім беру» кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Жолшаева Майра Сатыбалдиевна



АӘТ қызыметі